

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 1 қыркүйек N 976. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.20 . N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігін және Қазақстан Республикасының Энергетика мен көмір өнеркәсібі министрлігі құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 13 маусымдағы N 1729 U941729_ Жарлығын орындау үшін және Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігінің таратылуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі туралы Ереже (N 1 қосымша) бекітілсін.<*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.12.19.
N 1796 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі , мұнай мен газ өнеркәсібінен басқа мәселелерде, таратылған Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігінің мүліктік құқықтары мен міндеттерінің заңды мұрагері болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министріне адам саны мен еңбек ақы төлеу қорының белгіленген нормативі шегінде орталық аппараттың штаттық кестесін бекіту құқығы берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне өзінің қарауындағы кәсіпорындар мен ұйымдар өндірген өнімдерді республикадан тысқары жерлерге апаруға белгіленген тәртіппен лицензиялар беру туралы шешімдерді келісу құқығы берілсін.

5. Жаңа электр станцияларын салуға, көмір кен орындарын, радиоактивтік және сирек кездесетін элементтер мен олардың қосындыларын игеруге инвестициялар тарту Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің келісімімен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің орталық аппаратын, халықаралық байланыс құралдарын қосқанда, қажетті байланыс құралдарымен қамтамасыз етсін.

Ескерту. 7-тармақ күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.12.19.
N 1796 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің орналасқан мекені болып Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының бұрынғы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің үйі белгіленсін.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының қызметкерлері үшін жетіспейтін ұйымдастыру ісінің техникасы мен мүкаммал сатып алу үшін қажетті қаражат бөлетін болсын.

10. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 наурыздағы N 243 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 11, 195 - бап) ;

"Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 наурыздағы N 243 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы N 60 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 2, 27-бап);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін өзгерту және олардың күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 8 маусымдағы N 481 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 22, 283-бап).<*>

Ескерту. 10-тармақ өзгерістермен - ҚРМК-нің 07.12.1994 ж. N 1382 қаулысы.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 1 қыркүйектегі
N 976 қаулысына

N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір
өнеркәсібі министрлігі туралы

Ереже

I. Жалпы қағидалар

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі) Қазақстан Республикасы электр энергетикасының көмір және атом өнеркәсібінің мемлекеттік басқару органы болып табылады.

2. Республика экономикасының ведомствоға қарасты салаларын мемлекеттік басқару, осы салалардың кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы байланыстарды реттеу, сондай-ақ өнімдері тұтынушылармен өзара қарым-қатынас мәселелері Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің қ а р а у ы н а ж а т а д ы .

3. Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті оған табыстаған өкілеттілікке сәйкес ведомствоға қарасты кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкіне иелік ету, пайдалану және басқару құқығын жүзеге асырады.

4. Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қаулыларын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

5. Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі заңды ұйым болып табылады және оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген әрі өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

II. Министрліктің мақсаты мен міндеті

6. Республиканың экономикасы мен халқының ведомствоға қарасты салалардың өнімдеріне деген мұқтажын сенімді әрі іркіліссіз қамтамасыз ету, сондай-ақ электр энергетикасын, көмір және атом өнеркәсібін дамытуға қажетті жағдай туғызу Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің басты мақсаты б о л ы п т а б ы л а д ы .

7. Жоғарыда аталған мақсатқа жету үшін Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне мынадай міндеттерді шешу жүктеледі:

қолда бар электр энергетикасы, көмір өндіруші және басқа өндіріс қуаттарын, электр энергиясы көлігі мен өндірілген ресурстарды байыту жүйесін тиімді пайдалануды және олардың потенциалын дамытуды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірге, ведомствоға қарасты энергия көздерінің отын режимін айқындау мәселелерін қосқанда, электр және жылу энергиясына, қатты отынды өндіру мен тұтынуға қатысты республиканың отын-энергетика балансын толықтыруды қарастырып, қ а м т а м а с ы з е т у ;

бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу, ведомствоға қарасты салалардың кешенді міндеттерін шешу үшін салалық ғылымдарды дамыту; энергия қуатын үнемдеудің мемлекеттік саясатын жүзеге асыруды ұйымдастыру;

көмір және атом өнеркәсібінің минералдық шикізат базасын дамытуды қамтамасыз ету;

меншік нысаны мен қай ведомствоға жататынына қарамастан электр энергетика, көмір және атом өнеркәсібі өнімін өндіру, шығару, ұқсату және өткізумен шұғылданатын кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру;

көмір, радиоактивтік және сирек кездесетін элементтер мен олардың қосындыларының кен орындарын игерумен шұғылданатын жер қойнауларын пайдаланушыларды аттестациялаудан өткізу;

ведомствоға қарасты кәсіпорындардың өндірістік қызметінің айналадағы ортаға белгіленген норматив шегінде ықпал жасауын қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

ғылыми зерттеулер және ведомствоға қарасты салалардың іс-қимылы мен дамуы жөнінде әзірлемелер, инвестициялық жобаларды, соның ішінде басқа ведомстволар, шетел фирмалары әзірлеген инвестициялық жобаларды сараптауды, сондай-ақ ақпаратты жинау, өңдеу және пайдалануды, статистика жөніндегі зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру;

ведомствоға қарасты салаларының іс-қимылы және оларды дамыту мәселелері жөнінде республиканың министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен, ведомстволарымен, жергілікті басқару органдарымен және қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынас жасау;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру;

халықаралық ұйымдарда, келіссөздер мен кездесулерде Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің құзыреті шегінде және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тапсыруы бойынша республиканың мүддесін білдіру;

ведомствоға қарасты салалар өнімдерінің экспорты саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, квоталар мен лицензиялардың, шарттық қарым-қатынастар мен контракттардың қазіргі тетігін қолдана отырып, осындай өнімдерді әкелу мен әкетуді реттеуге қатысу;

ведомствоға қарасты салаларды басқаруда кадрлық саясатты ұйымдастыру, электр энергетикасында көмір және атом өнеркәсібінде мемлекеттік меншік түріндегі және мемлекеттің қатысы бар өндірістік бірлестіктер басшыларының дербес құрамын белгіленген тәртіппен айқындау.

III. Министрліктің құқығы

8. Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі оған жүктелген міндеттерді о р ы н д а у ү ш і н :

министрлік жұмысында туындаған проблемаларды шешу үшін ведомствоға қарасты кәсіпорындардың, ұйымдардың мамандарын комиссиялар мен жұмыс топтарының қызметіне қатыстыруға құқы бар. Басқа салалардың өкілдері осындай жұмыстарға келісім бойынша немесе шаруашылық шарттары негізінде қ а т ы с т ы р ы л а а л а д ы ;

өзінің құзыреті шегінде саланың шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы даулы мәселелерді шешуге;

энергия ресурстарының тиімді пайдаланылуына, пайдаланудың техникалық жағдайы мен деңгейіне, тұтынушылардың энергетика жабдықтарына қауіпсіз қызмет көрсетілуіне белгіленген тәртіппен мемлекеттік энергетикалық қадағалау ж а с а у ғ а ;

қай ведомствоға жататынына, меншіктік нысанына қарамастан энергияны пайдаланатын немесе энергетикалық қондырғыларды пайдаланатын барлық кәсіпорындар, ұйымдар мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер орындау үшін міндетті ведомстволық нормативтік актілерді белгіленген тәртіппен қабылдауға сондай-ақ осы мәселелер бойынша әдістемелік б а с ш ы л ы қ т ы жүзеге асыруға ;

ведомствоға қарасты кәсіпорындарды салу мен кеңейту, қайта жаңғырту, техникалық қайта жарақтау және күрделі жөндеу жобаларына сараптама жасауды және оларды бекітуді, сондай-ақ электр энергетикасы, көмір және атом өнеркәсібінің объектілері мен өндірістік қуаттарын пайдалануға қабылдауды белгіленген тәртіппен қамтамасыз ету;<*>

осы Ережеден туындайтын міндеттерді шешу үшін министрлік қарауындағы мемлекеттік кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды қайта құруға немесе оларды таратуға, ведомствоға қарасты салаларда нарықтық қатынастарды дамыту үшін компаниялар, концерндер және шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзге де нысандарын құруға және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып құрылтайлық құжаттарға қажетті өзгерістерді е н г і з у г е ;

зиян шегуші мемлекеттік кәсіпорындарды, компанияларды санациялау, оларды қайта құру мен тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

ведомствоға қарасты кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың орындауы үшін міндетті қаулылар, бұйрықтар, нұсқаулықтар, нұсқаулар, салалық үлгілер және өзге де актілерді шығаруға;

қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының басқа министрліктерімен

және ведомстволарымен бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулықтар шығарып
о т ы р у ғ а қ ұ қ ы б а р .

Ескерту. 8-тармағының алтыншы абзацында сөздер ауыстырылды -
ҚРМК-нің 1994 ж. 8 желтоқсан N 1395 қаулысымен.

IV. Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің басқару органдары

9. Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігін осы лауазымға Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалған министр басқарады.

Энергетика және көмір өнеркәсібі министрінің орынбасарларын қызметке министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды.

10. Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінде құрамында министр (төраға), оның орынбасарлары, сондай-ақ министрлік пен оның құрамына енетін компаниялар мен басқа құрылымдық бөлімшелердің мамандары бар министрлік алқасы құрылады.

Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі алқасының сандық құрамы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен, ал дербес құрамы - министрдің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тарапынан айқындалады.

11. Энергетика және көмір өнеркәсібі министрі:
осы Ереже министрлікке жүктейтін мақсат пен міндетті, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етеді;

лауазымдық айлық ақы схемасына қарай, белгіленген еңбекке ақы төлеу қоры шегінде министрлік құрылымын, штатын, қызметкерлерінің жалақы ставкаларын бекітеді;

министрліктің орталық аппаратына қызметкерлерді жұмысқа қабылдап, жұмыстан босатады;

ведомствоға қарасты компаниялардың, бірлестіктер мен басқа да мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын белгіленген тәртіппен келісіп, лауазымға бекітеді және тағайындайды;

ведомствоға қарасты мемлекеттік компаниялардың, бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымына қажетті өзгерістер енгізеді;

министрліктің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері туралы Ережені және министрлік құрамына енетін компаниялардың, бірлестіктер мен ұйымдардың ережелерін бекітеді.

12. Энергетика және көмір өнеркәсібі министрінің орынбасарлары министр

белгіленген қызмет аясы шегінде шешімдер қабылдайды.

13. Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінен жұмсалатын шығындар есебінен ұсталады.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 1 қыркүйектегі
N 976 қаулысына

N 2 қосымша <*>

Ескерту. N 2 қосымша күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.12.19.
N 1796 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК